

"Mastercard-пен қозғалыс үстінде төле" акциясын өткізу қағидалары мен шарттары**1. Жалпы ережелер**

- 1.1. "Mastercard-пен қозғалыс үстінде төле" акциясының (бұдан әрі — Акция) ұйымдастырушысы — "Еуразиялық банк" АҚ (бұдан әрі — Банк, Ұйымдастырушы).
- 1.2. Акция операторы Mastercard Europe SA тапсырысы бойынша "Progression SA" ЖШС (бұдан әрі – Оператор) болып табылады.
- 1.3. Акцияны өткізу кезеңі: 2022 жылғы "1" тамыздан бастап 2022 жылғы "2" қазанға дейін.
- 1.4. Акцияға қатысушылар (бұдан әрі -Қатысушы): Қазақстан Республикасының резиденттері және бейрезиденттері, атап айтқанда Акцияның төмендегі барлық шарттарын орындаған MASTERCARD төлем карталарының (бұдан әрі — Карта) барлық ұстаушылары:
- 1.4.1. Акцияға Қазақстан Республикасының кәмелетке толған азаматтары мен Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты бар, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұрып жатқан Еуразиялық банктің Mastercard карталарының ұстаушылары қатыса алады. Карта Apple Pay, Google Pay, Samsung Pay электрондық әмияндарының (бұдан әрі - Әмиян) бірімен байланыстырылған болуы тиіс.
- 1.4.2. Картаны әмиянмен байланыстыру үшін:
- Wallet (Apple смартфондарында), Samsung Pay (Samsung смартфондарында), GPay (Android операциялық жүйесі бар смартфондарда) мобильді қосымшасына кіріңіз;
 - Еуразиялық банктің Mastercard картасын сканерлеңіз;
 - Банктің SMS-хабарламасындағы кодпен байланысты растаңыз немесе Банктің одан кейінгі нұсқауларын орындаңыз;
- 1.4.3. 1 000 бонус алу үшін мобильді телефон немесе смарт-сағатты пайдалана отырып, кез-келген заңмен тыйым салынбаған сауда-сервис кәсіпорындарында әрқайсысы 3 000 (үш мың) теңгеден кем емес сомаға тауарларға және/немесе қызметтерге ақы төлеу жөніндегі бастапқы үш операцияны жүзеге асыру қажет. 1 000 бонус мобильді телефон немесе смарт-сағат көмегімен бастапқы үш операцияны жүргізген бастапқы 2 000 қатысушыға беріледі.
- 1.4.4. Апта сайынғы 1 000 000 бонус (бір миллион бонус) ұтысына қатысу үшін бір апта ішінде мобильді телефонды немесе смарт-сағатты пайдалана отырып, кез-келген заңмен тыйым салынбаған сауда-сервис кәсіпорындарында әрқайсысы 3 000 (үш мың) теңгеден кем емес сомаға тауарларға және/немесе қызметтерге ақы төлеу жөніндегі бастапқы үш операцияны жүргізу қажет. Бұл жұлде Еуразиялық банктің Mastercard карталарын жаңадан және бұрыннан пайдаланушылар үшін қарастырылған.
- 1.4.5. Қатысушы үш операцияны ойдағыдай жүргізген жағдайда, ол операциялар жасалған апта ішінде апта сайынғы жұлдені ұтып алуға 1 (бір) мүмкіндік алады. Апта ішінде жасалған әрбір 3 транзакция 1 (бір) мүмкіндікке теңестіріледі. Аптадағы мүмкіндіктердің санына шектеу қойылмайды.
- 1.5. Осы Акцияны өткізу шарттары (бұдан әрі — Шарттар) Акцияны өткізу, Акцияға қатысу тәртібін, сондай-ақ жұлделерді тапсыру тәртібін айқындайды. Осы қағидалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейді.
- 1.6. Акцияға Банк қызметкерлері және Банкпен айрықша байланыстағы тұлғалар қатыспайды.
- 1.7. Акцияны өткізу аумағы шектеулі, шетелде және интернетте жүргізілген транзакцияларды қоспағанда, ҚР аумағындағы электрондық әмиянды пайдаланып жүргізілген барлық транзакциялар қатысады.
- 1.8. Акцияны өткізудің мақсаты клиенттерді мобильді телефон немесе смарт-сағатты пайдалана отырып, "Еуразиялық банк" АҚ MASTERCARD карталарымен транзакция жасауға ынталандыру болып табылады.

2. Жұлде қоры

Жұлденің атауы	Номиналы	Саны
Бонус	1 000 бонус	Әрқайсысы 3 000 теңгеден басталатын сомаға алғашқы үш транзакция жасаған бастапқы 2 000 қатысушыға 2000 дана
Апта сайынғы жұлде	1 000 000 бонус	9 дана - аптасына 1 дана

3. Ұйымдастырушы мен Акцияға Қатысушылардың құқықтары мен міндеттемелері**3.1. Қатысушының құқықтары:**

- жария ресурстарда Акцияны өткізу мерзімдері мен шарттары туралы ақпарат алу;

- Акцияның ұйымдастырушысы мен Операторы туралы мәлімет алу;
- осы Қағидаларға сәйкес Акция жеңімпазы деп танылған жағдайда Акцияның жүлделерін беруді талап ету.

3.2. Қатысушының міндеттері:

- осы Қағидаларды сақтау, оның ішінде осы Қағидаларда белгіленген мерзімде Акцияға қатысуға байланысты барлық іс-әрекеттерді орындау;
- Акцияға қатысуға және жүлделер алуға байланысты барлық шығындарды, соның ішінде (бірақ онымен шектелмей) Интернет, телефон және т.б. шығындарды дербес көтеру;
 - осы Қағидаларда және ҚР қолданыстағы заңнамасында қарастырылған басқа да міндеттемелер.

3.3. Ұйымдастырушы мен Оператордың құқықтары:

- Акцияны өткізу кезеңі ішінде осы Қағидаларға өзгерістер енгізу. Бұл ретте осы Қағидалардың кез-келген өзгерістері туралы ақпарат банктің eubank.kz сайтына және Оператордың mastercard-promo.kz сайтына орналастырылуы тиіс;
- осы Қағидаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, Акцияға Қатысушылармен жазбаша келіссөздер жүргізбеу немесе кез-келген басқа байланыс орнатпау;
- Қатысушылардан осы Қағидаларда көзделген жағдайларда қажетті ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ мемлекеттік органдарға ұсыну үшін өзге де құжаттарды сұрату;
 - 14 күнтізбелік күнге дейін талап етпеген немесе Акция жеңімпаздары кез-келген себептер бойынша жүлделерді алудан бас тартқан жағдайда, Акция жүлделері иегерлерінің жалпы санын азайту. Бұл ретте көрсетілген жүлделер Акция аяқталғаннан кейін берілмейді және Ұйымдастырушы мен Оператордың қалауы бойынша пайдаланылады;
 - Қатысушының осы Қағидаларды сақтамау фактісі анықталған жағдайда Акцияға қатысушыға жүлдені беруден бас тарту.

3.4. Ұйымдастырушы мен Оператордың міндеттері:

- осы Қағидаларды сақтау, оның ішінде осы Қағидаларда белгіленген мерзімде Акция жүргізуге байланысты барлық іс-әрекеттерді орындау;
- Акцияны осы Қағидаларға сәйкес жүргізуді қамтамасыз ету;
- Акция жеңімпаздарына жүлделерді табыс ету;
- Акция Қағидаларын банктің eubank.kz сайтына және Оператордың mastercard-promo.kz сайтына орналастыру арқылы Акция Қатысушыларына оны өткізу Қағидалары туралы ақпарат беру.

3.5. Ұйымдастырушы мен Оператор Акцияның мақсаттары үшін келесі операцияларды есепке алмайды:

- осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейтін адамдардың жүргізген операцияларын;
- өтінімдерді қабылдау кезеңінен тыс мерзімде жасалған операцияларды;
- бір операция үшін 3000 (үш мың) теңгеден кем сомаға теңгемен жасалған операциялар.

4. Жүлде қорын алу тәртібі мен мерзімдері

- 4.1. Әр ниет білдіруші Банктің eubank.kz сайтында жарияланған Акцияның шарттарымен өз бетімен таныса алады.
- 4.2. Акцияның бір Қатысушысы Акцияның барлық кезеңінде 1 (бір) рет қана 1000 бонус мөлшерінде және 1 (бір) рет қана 1 (бір) 1 000 000 бонус (бір миллион бонус) апта сайынғы жүлдені ұтып ала алады.
- 4.3. Акцияның бір Қатысушысының жүргізетін операцияларының санына шек қойылмайды.
- 4.4. Апта сайынғы жүлделер ұтысына бір апта ішінде мобильді телефонды немесе смарт-сағатты пайдалана отырып, кез-келген заңмен тыйым салынбаған сауда-сервис кәсіпорындарында әрқайсысы 3 000 (үш мың) теңгеден кем емес сомаға тауарларға және/немесе қызметтерге ақы төлеу жөніндегі операциялар қатысады. Жеңімпазды анықтау арнайы компьютерлік бағдарламаны қолдана отырып, операцияларға берілген реттік нөмірлерді кездейсоқ анықтау арқылы жүзеге асырылады.
- 4.5. Ұтыс аптасына 1 рет жүргізіледі.
- 4.6. Ұтыс ойынында жеңімпаз анықталғаннан кейін бір апта ішінде банк 1 000 000 бонусты жеңімпаздың есеп шотына (Mastercard картасымен байланыстырылған) аударады.
- 4.7. Жүлде қорының табыс етілетіні туралы Банк қызметкерлері Акцияға қатысушының мобильді нөміріне қоңырау шалу арқылы хабарлайды.
- 4.8. Акцияға қатысушылар арасында ұтыс ойынын өткізу үшін Банк кемінде 3 (үш) мүшеден Банк жұмыскерлерінен тұратын комиссияны құрады.

- 4.9. Комиссия мүшелерінің атқаратын міндеттері:
- Акция жүлде қорының ұтыс ойынын өткізу;
 - жеңімпаздардың резервтік тізімін қалыптастыру;
 - жеңімпаздарды көрсете отырып, тиісті хаттамаға қол қою арқылы Акцияға қатысушылар арасында өткен ұтыс ойынының нәтижелерін растау.
- 4.10. Акция қатысушылары арасындағы ұтыс Акцияны өткізу кезеңінде қатысушының Банктің деректер қорында тіркелген жүргізілген транзакциясының бірегей референс-нөмірін кездейсоқ анықтау қағидатына негізделеді, бағдарламаның жасақтаманың (бұдан әрі — БЖ) көмегімен және комиссия мүшелерінің қатысуымен өткізіледі.
- 4.11. Кездейсоқ сандар генерациясы алгоритмінің көмегімен БЖ карта бойынша экранда тіркелетін транзакциялардың референс-нөмірлерін таңдайды және Акция жеңімпаздарын анықтайды.
- 4.12. Ұтыс өткізу аяқталғаннан кейін комиссия мүшелері транзакциялардың БЖ жеңімпаз деп анықтаған референс-нөмірлерін тіркейді.
- 4.13. Ұтысты өткізу нәтижелерін комиссия ұтыс қорытындысының тиісті хаттамасына енгізеді және оған комиссияның барлық мүшелері қол қояды.
- 4.14. Егер жеңімпаздардың негізгі тізіміндегі қатысушы Науқан шарттарында көрсетілген осы науқанның ережелерін орындамаса, Банк мұндай жеңімпазды жеңімпаздардың резервтік тізіміндегі критерийлер бойынша сәйкес келетін жеңімпаздармен ауыстыруға құқылы.
- 4.15. Акцияға қатыспайтын транзакциялар:
- ақшаны шешіп алу және аудару;
 - АТМ арқылы қызметтерге ақы төлеу;
 - Smartbank интернет банкингіндегі операциялар;
 - кедендік төлемдер, лотереялар, казино, электрондық ақшаны сатып алу.
- 4.16. Жеңімпаздарды анықтау кезінде Акция Ұйымдастырушылары әр апта сайынғы жүлдеге негізгі және екі резервтік жеңімпазды таңдайды.
- 4.17. Өткізілген ұтыс ойындарының нәтижелері түпкілікті болып табылады және қайта қаралмайды.
- 4.18. Акцияға қатысу арқылы қатысушы осы Шарттармен толық келісетіндігін растайды.
- 4.19. Банк жүлделерді беру рәсімін өзгерту және Акция туралы қосымша ақпаратты eubank.kz сайтында жариялау құқығын өзіне қалдырады.
- 4.20. Банк жеңімпаздардың есімдері мен фотосуреттерін Банкті жарнамалау мақсатында пайдалану құқығын өзіне қалдырады.
- 4.21. Банк кез-келген сәтте алдын ала ескертпестен және себептерін түсіндірместен осы Шарттарды бұзатын, соның ішінде:
- Банк алаяқтық, алдау немесе Банк пен Акцияға қатысушылар үшін қолайсыз салдарларға әкеп соқтырған немесе әкеп соғуы мүмкін өзге де айла-шарғылар деп бағалайтын іс-әрекеттерді жасайтын;
 - Банктің, Акцияға қатысушылардың атына ар-намысты қорлайтын пікірлер мен сөздер жазатын, Акция мен Банк туралы шындыққа жанаспайтын мәліметтер тарататын адамдардың Акцияға қатысу мүмкіндігін бұғаттау құқығын өзіне қалдырады.
- 4.22. Акция өткізуді ұйымдастыруға байланысты шағымдарды press@eubank.kz мекенжайына жіберуге болады. Банк келіп түскен шағымдар бойынша оларды алғаннан кейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей шешім шығарады.
- 4.23. Банк кез-келген уақытта Акцияның күшін жою немесе ұзарту, сондай-ақ осы Шарттарды өзі дұрыс деп санайтындай етіп өзгерту құқығын өзіне қалдырады. Банк Акция шарттарының өзгергені туралы ақпаратты қатысушылардың назарына eubank.kz арқылы уақтылы жеткізеді.